

Издаётся с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

4 октября
2024 года
ПЯТНИЦА
№ 80 (1680)



Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в [saran_today](https://www.instagram.com/saran_today), [saran_gazeti](https://www.instagram.com/saran_gazeti) [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

ДО РЕФЕРЕНДУМА ОСТАЛОСЬ 2 ДНЯ!

ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГТЕР МЕН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын көңілден құттықтаймыз!
Мұғалім – бұл жай ғана мамандық қана емес, ол қашанда ерекше сыйластыққа ие болған құрметті атақ.

Елдің ертенін айқындап, оның бәсекелестік қабілетіне ықпал ететін – білім саласы. Ал бұл саланың тірегі, жаны мен жүрегі – құрметті ұстаздар. Хакім Абай: «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан» десе, болашақ ел тұтқасына айналар зердесі ояу, ойы озық, білімді ұрпақ даярлау да осы қастерлі мамандықты иеленген педагогтердің қолында.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі».

Саран қаласының 70 жылдық мерейтойында тұрғындарымыздың бір емес, бірнеше ұрпағын тәрбиелеген білім саласының ардагерлеріне ерекше алғыс айтамыз. Жас ұстаздар аға әріптестері салған дәстүрді мақтанышпен жалғастыруда.

Ұрпаққа тәлім мен тәрбие беруді басты мұратқа айналдырған қиын да қастерлі қызметтеріңізге рақмет айтып, табыс тілейміз. Елдің атын шығарып, аймақ абыройын асыратын, өңірді өркендетіп, туған жерді түлететін білімді де, талантты шәкірттеріңіз көп болсын!

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, аяулы ұстаздар!

Е. БАУЛЫКОВ,
Саран қаласының
әкімі

Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Саран қалалық
мәслихатының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ ПЕДАГОГИ И ВЕТЕРАНЫ ОБРАЗОВАНИЯ!

От всей души поздравляем вас с Днём учителя!

Учитель – это не просто профессия, это почетное звание, которое во все времена пользовалось особым уважением. Как сказал великий Абай: «Самое лучшее в человеке – это от Учителя».

Педагоги играют ключевую роль в формировании личности. Их умение общаться, убеждения и профессионализм определяют будущее общества. Президент Казахстана Касым-Жомарт Тоқаев подчеркивал: «Качество образования и конкурентоспособность нации зависят от вашего мастерства и преданности делу».

В год 70-летия города Сарани мы особенно благодарим ветеранов образования, которые воспитали не одно поколение наших жителей. Молодые педагоги с гордостью продолжают традиции, заложенные старшими коллегами.

Спасибо вам за ваш труд, талант и любовь к школе и детям. Желаем здоровья, счастья и новых успехов! Пусть ваши ученики радуют вас своими победами.

С праздником, дорогие учителя!

Е. БАУЛЫКОВ,
аким
города Сарани

О. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

Саран қалалық мәслихаты депутаттарының
және қала тұрғындарының назарына
Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі
Саран қ. № 20-н 2024 жылғы 3 қазан

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясын шақыру туралы
Саран қалалық мәслихатының кезектен тыс XVI сессиясы 2024 жылғы 8 қазан сағат 11.00-де (Жамбыл көшесі, 67, конференц-зал, 1 қабат) шақырылсын.

ХАБАРЛАМА

Қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 8 қазандағы кезектен тыс XVI сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылды:

1. Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы 9 сессиясының № 84 «2024 - 2026 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы 9 сессиясының № 85 «2024-2026 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Басқа да мәселелер.
Сессияны дайындауға жауапты: Заря Блялевна Малшибекова, жұмыс тел.: 8(72137)73908, электрондық пошта мекенжайы: saranmaslihat@mail.ru.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы Ө. Баймағанбетов

Сессия жұмысымен 2024 жылғы 8 қазан сағат 11.00-де Саран қаласының мәслихаты "Facebook" парақшасында тікелей эфирде танысуға болады.

К сведению депутатов Саранского городского маслихата
и населения города
Распоряжение председателя Саранского городского маслихата
г.Сарань № 20 - о 3 октября 2024 г.

О созыве XVI внеочередной сессии городского маслихата
Созвать XVI внеочередную сессию Саранского городского маслихата 8 октября 2024 года в 11.00 часов (ул.Жамбыла,67, конференц-зал, 1 этаж).

СООБЩЕНИЕ

На рассмотрение внеочередной XVI сессии городского маслихата 8 октября 2024 года вносятся вопросы:

1. «О внесении изменений в решение 9 сессии Саранского городского маслихата от 21 декабря 2023 года № 84 «О городском бюджете на 2024-2026 годы»».

2. «О внесении изменений в решение 9 сессии Саранского городского маслихата от 21 декабря 2023 года № 85 «О бюджете поселка Ақтас на 2024-2026 годы»».

3. Разное.
Ответственный за подготовку сессии: Малшибекова Заря Блялевна, раб.тел.: 8(72137)73908, адрес электронной почты: saranmaslihat@mail.ru.

О. Баймағанбетов, председатель Саранского городского маслихата

С работой сессии можно ознакомиться в прямой трансляции 8 октября 2024 года в 11.00 часов на странице Facebook - Маслихат города Сарань.

СҮЙІНШІ!



МАРАПАТ ҮСТІНДЕ



30 қыркүйек күні Қарағанды облысы, Кеншілер мәдениет сарайында мәдениет және өнер саласының үздік қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Облыс әкімі ерен еңбектері мен тұрақты шығармашылық ізденістері мен руханиятты, ізгілік пен өзара түсіністікті жаңғыртудағы үлестері үшін шынайы алғысын білдірді.

Облыстың мәдени дәстүрлерін сақтап, одан әрі дамытуға қосқан

үлесі үшін облыс әкімінің сыйлығы «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» номинациясымен Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығы «Ақ шаңырақ» этномәдени қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сұпьянова Света Жолдыбайқызы марапатталды.

М. О.Кульджабаева,
Ақтас кентінің мәдени-сауық
орталығының директоры

АЭС – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

2024 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАРҒА ЫҢҒАЙЛЫ БОЛУ ҮШІН ҚОСЫМША АВТОБУС МАРШРУТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІН ХАБАРЛАЙМЫЗ

№ 272 референдум учаскесі

Тургенев көшесінен Шахтёрская көшесі ба-ға қарай 08:00-де;
Шахтёрская көшесі ба-дан Тургенев көшесіне қарай сағат 09:00-де;
Тургенев көшесінен Шахтёрская көшесі ба-ға қарай 10:00-де;
Шахтёрская көшесі ба-дан Тургенев көшесіне қарай сағат 11:00-де;
Тургенев көшесінен Шахтёрская көшесі ба-ға қарай 14:00-де;
Шахтёрская көшесі ба-дан Тургенев көшесіне қарай сағат 15:00-де;
Тургенев көшесінен Шахтёрская көшесі ба-ға қарай 16:00-де;
Шахтёрская көшесі ба-дан Тургенев көшесіне қарай сағат 17:00-де.

Аялдамалар:

Тургенев көшесінің соңы, Строительная көшесінен Тургенев көшесіне шығу, Шахтёрская көшесі 39, Шахтёрская аялдамасы, Шахтёрская көшесі ба (өрт сөндіру бөлімі).

№ 273 референдум учаскесі

Нұркен көшесі (соңғы аялдама) - №2 ЖББМ - Плановый кенті (соңғы аялдама) Қарағанды тас жолы арқылы - №2 ЖББМ - Нұркен көшесі (соңғы аялдама)

Нұркен көшесінің соңғы аялдасынан қозғалыс басталатын уақыт – 9.00, 10.00, 11.00, 12.00, 13.00.

Плановый кентінен шығу уақыты – 10.00, 11.00, 12.00, 13.00, 14.00.

№ 274 референдум учаскесі

9.00-Кіші Саран кентінің орталық аялдамасы;
11.00-Кіші Саран кентінің орталық аялдамасы;
13.00-Кіші Саран кентінің орталық аялдамасы;
16.00-Кіші Саран кентінің орталық аялдамасы;
17.30-Кіші Саран кентінің орталық аялдамасы.

№ 276 референдум учаскесі

Қозғалыстың басталуы:

орталық аялдамадан Привольная көшесі бойынша 7.00, 8.30, 10.00, 15.00, 16.30-да

Привольная көшесі арқылы – 7.40, 8.40, 10.10, 11.40, 15.10, 16.40

(аялдамалар: «Катерина» дүкені, Шахтерская, соңғы аялдама)

Космическая көшесі арқылы – 7.20, 8.50, 10.20, 11.50, 15.20, 16.50

(аялдама: «Айгерим» дүкені)

Гражданская көшесі арқылы – 7.30, 9.00, 10.30, 12.00, 15.30, 17.00

(аялдама 20, 40, 54 үйлерден)

Кржижановский көшесі арқылы – 7.40, 9.10, 10.40, 12.10, 15.40, 17.10

(№ 90 маршрут бойынша аялдама)

Привольная көшесі арқылы № 13 мектепке - 7.50, 9.20, 10.50, 12.20, 15.50, 17.20

(аялдама: «Водоколонка»).

Тұру 30 мин. - кері бағытта қозғалыс.

ДЛЯ УДОБСТВА ГРАЖДАН, ИМЕЮЩИХ ПРАВО ПРИНИМАТЬ УЧАСТИЕ В ГОЛОСОВАНИИ В ДЕНЬ ПРОВЕДЕНИЯ РЕСПУБЛИКАНСКОГО РЕФЕРЕНДУМА 6 ОКТЯБРЯ 2024 ГОДА, СООБЩАЕМ ГРАФИК ДВИЖЕНИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ АВТОБУСНЫХ МАРШРУТОВ

Участок референдума № 272

С ул. Тургенева в сторону ул.Шахтёрская, ба в 08.00;
С ул. Шахтёрская, ба в сторону ул.Тургенева в 09.00;
С ул. Тургенева в сторону ул. Шахтёрская, ба в 10.00;
С ул. Шахтёрская, ба в сторону ул. Тургенева в 11.00;
С ул. Тургенева в сторону ул. Шахтёрская ба в 14.00;
С ул. Шахтёрская ба в сторону ул. Тургенева в 15.00;
С ул. Тургенева в сторону ул. Шахтёрская ба в 16.00;
С ул. Шахтёрская ба в сторону ул. Тургенева в 17.00.

Остановки:

Конец улицы Тургенева, выезд с ул. Строительная на ул. Тургенева, ул.Шахтёрская, 39, остановка Шахтёрская, ул.Шахтёрская, ба (пожарная часть).

Участок референдума № 273

Ул. Нуркена (конечная остановка) - ОШ №2 - пос. Плановый (конечная остановка) через Карагандинскую трассу - ОШ №2 - ул. Нуркена (конечная остановка).

Время начала движения с конечной остановки ул. Нуркена – 9.00, 10.00, 11.00, 12.00, 13.00.

Время отправления из пос. Плановый – 10.00, 11.00, 12.00, 13.00, 14.00.

Участок референдума № 274

9.00 - Центральная остановка поселка Малая Сарань;
11.00 - Центральная остановка поселка Малая Сарань;
13.00 - Центральная остановка поселка Малая Сарань;
16.00 - Центральная остановка поселка Малая Сарань;
17.30 - Центральная остановка поселка Малая Сарань.

Участок референдума № 276

Начало движения:

от центральной остановки по ул. Привольная в 7.00, 8.30, 10.00, 15.00, 16.30

Через ул. Привольная – 7.40, 8.40, 10.10, 11.40, 15.10, 16.40

(остановки: маг. «Катерина», Шахтерская, конечная)

Через ул. Космическая – 7.20, 8.50, 10.20, 11.50, 15.20, 16.50

(остановка: маг. «Айгерим»)

Через ул. Гражданская – 7.30, 9.00, 10.30, 12.00, 15.30, 17.00

(остановка от домов 20, 40, 54)

Через ул. Кржижановского – 7.40, 9.10, 10.40, 12.10, 15.40, 17.10

(остановка по маршруту N 90)

Через ул. Привольная к школе №13 - 7.50, 9.20, 10.50, 12.20, 15.50, 17.20

(остановка: «Водоколонка»).

Стоянка 30 мин. - движение в обратном направлении.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ МӘҢГІ ЖАСАЙТЫН ОЛ - ТІЛ БАЙЛЫҒЫ!

Тіл - жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Тіл құдіреті – ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткі-

зеді. Тілден асқан құндылық, тілден асқан киелі байлық жоқ. Ол үшін, әлбетте, бабадан балаға ғасырлар бойы жоғалмай, тоналмай, жойылмай жеткен киелі – қасиетті тілді жөнімен, жолымен насихаттағаннан ұтпасақ, ұтылмаймыз. «Ұлттың тілі – ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдер-

мен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде, мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті. «Тілден асқан байлық жоқ» тон – торқа, мал – мүлік, алтын – күміс байлығы

түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады.

Тілдің адам өмірі үшін мәні айрықша. Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тіл – асыл ойдың бұлағы. Тіл – құдірет. Тіл – тәуелсіздік тұғыры. Тіл – ұлттың жан дүниесі.

Халықпен бірге мәңгі жасайтын ол - тіл байлығы! Жер тілі – ел тілі!

Ж.Джумашева,
Саран қаласы ПБ

ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ ОРАЙ



ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАСТЫРҒАН ҰСТАЗ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Ұстаздар әулетінен шыққан Бекжанова Құрмет Советқызы Саран қаласында ең бірінші қазақ сыныптары ашылғаннан бері қызмет етіп келе жатқан Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Биыл білім ордасында жұмыс істеп, білім саласына сүбелі үлесін қосып жүргеніне – 30 жыл.



Қарқаралы ауданына қарасты Темірші ауылында дүниеге келген Құрмет Советқызының әкесі Совет Бекжанов №14 «Қарағаш» сегіз жылдық мектепте абыроймен жұмыс істеп, 43 жыл ғұмырын ұстаздыққа арнаған бастауыш сыныптың мұғалімі болған. «Аға мұғалім» атағының иегері. 1993 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен наградаланған. Бүгінде асқар таудай әкенің жолын аяулы қыздары жалғастырып келеді. Солардың бірі – Құрмет Советқызы. Ол 1994 жылы Қарағанды педагогикалық училищені тәмамдап, кейін

академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетін «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша аяқтаған. 1994 жылдан бастап Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп келеді.

– Ұстаздар әулетінде дүниеге келгеніме, әке жолын жалғастырып жүргенімді мақтан тұтамын. Әкемнің білімі, ұстанымы, шексіз мейірімі, мәдениеті, ел алдындағы беделі мен үшін үлгі. Сол себепті ойланбастан ұстаз болуға бел будым, – деді Құрмет Советқызы.

Оның қолына түскен ағаш, киіз, тіпті ке-

рексіз боп қалған маталардың өзі жаңа әрге бой алып, жаңа дүние болып шығады. Көздің жауын алатын бұйымдардың артында тың ойлар, ұйқысыз түндер мен үлкен еңбек жатыр. Құрмет Советқызына шәкірттерінің әр жеңісі, әр қадамы ыстық.

– Ұстаз оқушыға «Күн болып көрініп, нұр болып төгілу керек» деп ойлаймын. Ұстаз мейірімді де қамқор және талап қоя білетін болу керек. Ұстаз бен шәкірт арасында ынтымақты қарым-қатынас, ұстаз бен оқушы арасында бір-біріне деген құрмет болу керек. Осы өнер жолында бейнелеу өнерін тандап, осы мамандықты таңдаған оқушыларым қазір қалалық №7 мектеп-интернатында көркем еңбек, бейнелеу өнерінің мұғалімі болып жұмыс істейді, дизайнер мамандығын таңдаған оқушыларым да бар, – деді беспап ұстаз.

Ұстаздың басынан талай қызықты оқиғалар өткен. Ұмытылмас әсер сыйлаған оқиғалардың бірі – оқушыларының ұстаздар күнімен құттықтауы.

– Кәсіби мерекемізге орай концерттік бағдарламада отырған кезде оқушы қыздарым қоңырау шалып: «Мұғалім, ұлдар төбелесіп жатыр. Тез келесіз бе?» дегенде жүрегім аузыма тығылып, уайымнан отыра алмай шығуға мүмкіндік туа сала, балаларға жүгірдім. Қыздар мені күтіп, мәдениет үйінің артына апарған кезде алдымнан оқушы ұлдарым шыға келіп қолдарында тұрған хлопушканы атып жібегенде аң-таң болып қалдым. Олар мені құшақтап, мерекемен құттықтап жатыр. Қолдарында бір уыс гүлдері бар. Сөйтсем, бұлар мені алдап, осылай тосын-сый жасап, ерекше құттықтағысы келген. Осындай естен кетпес естеліктерім бар, – деп езу тарта мұғалімдер күнінде басынан өткен қызықты оқиғасымен бөлісті.

Ұстаз үшін шәкірттерінің сыйластығы әрдайым бөлек. Олардың білімді, өнерлі, жан-жақты болып шығуына аса зер салады.



Құрмет Советқызы Шымкент қаласында өткен халықаралық семинар-практикумға да қатысқан, бірнеше жұлделі орындардың иесі. Білім беру саласының өркендеуі жолында адал қызмет етіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ерен еңбегін жоғары бағалап және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін Қарағанды облысының білім басқармасының алғыс хатымен марапатталған. 2015-2019 жылдар аралығында Қазақстанның әр түрлі қалаларына сапар шегіп, педагогтердің білімін арттыру мақсатында «Көркем еңбек» пәнін оқытудың білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курсы жүргізіп, тренер болған. Еселі еңбегі бағаланып, ел алғысына да бөленген. Оның шәкірттері де тек қалалық байқаулардан ғана емес, сондай-ақ, халықаралық шаралардан да құр қол қайтпаған.

Мереке қарсаңында педагог-зерттеуші: «Құрметті ұстаздар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Сіздерге қабілетті оқушылар, қызметтеріңізде шығармашылық тілеймін. Отбасыларыңызда әрқашан бейбітшілік, келісім, қуаныш пен жайлылық болсын», – деп ұлағатты әріптестеріне игі тілегін жеткізіп отыр.

КО ДНЮ УЧИТЕЛЯ



САМОЕ ГЛАВНОЕ – ЭТО ВЗАИМОПОНИМАНИЕ

Надежда ЦХАЙ

Фото из архива А. Елюбаевой

Для Асимы Алпысовны Елюбаевой – учителя начальных классов общеобразовательной школы №2 – каждый рабочий день буквально наполнен позитивными эмоциями. Ведь, как она считает, каждый ребенок – это настоящая личность, которая имеет свои привычки и характер, настроение, но при этом всегда открыт и искренен в своем отношении к миру и людям.



«Поэтому, – говорит Асима Алпысовна, – мне нравится работать с детьми, они побуждают к различным свершениям. Поэтому я ставлю цели и смело иду к ним. Несмотря на то, что это дети, иногда они намного взрослее нас, тем, что доверяют и верят в своего педагога. Это дорогого стоит».

Общий стаж педагогической деятельности



А. Елюбаевой составляет двадцать лет. Она окончила Карагандинский государственный университет, Евразийский университет. Работала в Астане, Алматы, Караганде – так уж сложились жизненные обстоятельства. И вот уже девять лет Асима Алпысовна трудится в общеобразовательной школе №2. Методика ее работы довольно простая – любить и

понимать детей. И ей это удается. Каждое рабочее утро Асимы Алпысовны начинается в автобусе – именно она сопровождает ребят до школы. «Поэтому еще на пути в школу расспрашиваю ребят о сегодняшнем настроении, – говорит А. Елюбаева, – событиях прошедшего дня, настраиваю их на учебу. А уж по приезде в нашу школу начинается привычный учебный день – уроки по расписанию, проверка домашнего задания. При этом всегда смотрю – какой объем работы может выполнить ученик, готов ли он сегодня работать в группе или индивидуально, выполнил ли домашнюю работу. Дети все разные, у всех свой характер и темперамент, не каждый может смело выйти к доске, хотя и знает ответы на вопросы. Повторюсь – стараюсь находить взаимопонимание с каждым ребенком».

«Мой выбор профессии, – продолжает Асима Алпысовна, – я думаю, вполне предсказуем. Мой папа сейчас на заслуженном отдыхе, но до этого преподавал «Автодело» в Саранском техническом колледже. Там же сейчас работает мой брат и сестра, еще одна сестра работает воспитателем в Акмолинской области. В общем у нас целая семейная педагогическая династия. Поэтому всегда есть темы для обсуждения, делимся новостями с работами».

Сейчас Асима Алпысовна Елюбаева получила новую категорию «Исследователь». Конечно, это не только плюс в работе, но и большая ответственность. «Вместе с коллегами из школы – гимназии №17 и общеобразовательной школы №16 п. Актас, – рас-

сказывает Асима Алпысовна, – мы участвовали в проект «Зерек» – это большая работа, проводимая нами на протяжении трех лет. Выпустили методическое пособие для педагогов, и сейчас в рамках данного проекта продолжаем проводить различные мероприятия, направленные на повышение уровня знаний учащихся».

«В работе учителя, – говорит Асима Алпысовна, – важно найти взаимопонимание и с родителями, ведь именно взаимное сотрудничество помогает решать многие вопросы в воспитании детей. Поэтому хотелось бы выразить огромную благодарность родителям моих учеников, которые всегда на связи, поддерживают меня. Кроме этого, я хотела бы поблагодарить городской Отдел образования, администрацию и коллектив нашей школы за поддержку. Также хотелось бы назвать моих наставников – Н. Федоровых, А. Хамитову и многих других моих старших коллег, которые делились своим опытом, передавали самые лучшие наработки».

Замечательно, когда в школе работают такие педагоги – искренние, открытые, понимающие, всегда готовые прийти на помощь. В преддверии Дня учителя хотелось бы пожелать Асиме Алпысовне, коллективу общеобразовательной школы №2, педагогической общественности нашего города и поселка Актас успехов в покорении новых вершин. Ведь профессия учителя – это не только кропотливый труд и ответственность, но и постоянное самосовершенствование. Крепкого здоровья и благополучия вам, дорогие педагоги! С Днем учителя!

МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫНДА



ҚАРТЫ БАР ЕЛ – ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Саранда Халықаралық қарттар күніне арналған «От всей души, с любовью» атты мерекелік шара өтті.



Концерттік бағдарламада қазыналы қариялардың даналығы мен мейірімділігі әспеттелді. Жанды дауыста әндер де, жас буынның ілтипағын көрсететін билер де биленді. «Асыл әжелер» вокалды-эстра-

далық хордың, «Мудрость» ардагерлердің халықтық хордың, «Мечта» квинтеттің орындауында шырқалған әсем әндер жүрекке жетті. «Амадеус» би ансамблі мен «Детство» үлгілі би ансамблінің



бишілері де өнерімен көпті тәнті етті. Бір сөзбен айтқанда, мәдениет үйінің өнерпаздары сахнаны одан сайын жандандыра түсті.

Қаланың көпті көрген, данағөй аға буындары да комешетін аямады. Жаксы әсерлерімен бөлісіп, ақ баталарын беріп, бір маркайып қалды.

Сарандықтарды шын көңілден құттықтаймын. Денсаулық пен бақыт

тілеймін. Ең бастысы - аспанымыз ашық болсын, - деп шараға қатысқан Саран қаласының тұрғыны Сәуле Оспанова игі тілегін білдірді.

Саран қаласының орталық кітапханасы қарттар күніне орай бірінші рет қалалық мәдениет үйінде мизам шуақты бейнелейтін күзгі экспозициясымен бөлісті. Онда келушілер естелікке суретке түсіп, мерекелік көңілге ене алды.

ЖИЗНЬ ГОРОДА



ДОРОГА ДОБРА



Пословицы. В них столько жизненной мудрости, ведь создаются они самой жизнью. «Жизнь дана на добрые дела»... Действительно, чем больше делаешь добрых дел, тем светлее у тебя на сердце.

Городской Совет матерей в преддверии замечательного праздника - Дня пожилого человека, в рамках Акции «Дорога добра» посетил долгожителей нашего города: Торпакову Раушан Шакировну, Локшину Лидию Васильевну, Манкенову Раю апай, Кулагину Надежду Ивановну, Косенко Марию Васильевну. С каким трепетным волнением они встречали каждого участника данной акции - председателя Совета матерей г. Сарани, ветерана педагогического труда, отличника просвещения Республики Казахстан Жусупбекову Гульжан Жусупбековну, ветерана образования Стрельчук Татьяну Владимировну, Жабагину Куляш Жангужиновну, Байшагирову Нурсулу Шакитаевну,

Қадырал Күмісжан - заслуженного деятеля искусств Монголии- участников хора ветеранов «Асыл әжелер».

Воспоминания ветеранов о самых значимых моментах в их судьбе, которые тесно переплетались с судьбой города, были волнительны до слез. Как им мало было надо: чтобы их выслушали, приобняли, сказали немного добрых, ласковых слов. И вот уже светятся от счастья глаза, и убегают безоглядно годы.

Ветераны... Ваша жизнь - пример для подражания, вы настолько молоды душой, что стоя рядом с вами, хотелось быть такими же, как и вы!

И также верить и беззаветно любить свою Родину, любимый город!

Добра вам, родные наши! Живите как можно дольше. Пусть Бог и Аллах благословит вас на вашем жизненном пути!

Татьяна СТРЕЛЬЧУК



НАДО ПРОСТО ЖИТЬ

Весна жизни сменилась осенью. Веселые девушки стали мудрыми бабушками. И уже бабушкам хочется покоя, любви и заботы близких. Все умеют бабушки, все осияют. И подскажут, и посоветуют и добрым словом подбодрят и пошутят.

Жаль, что мы стареем, зато мы в эту жизнь вложили частичку своего труда, работали на благо своей Родины, растили, воспитывали своих детей, учили их, поставили на ноги. Теперь у нас внуки и внучки. Таков закон природы.

И все же, все сильнее годы давят нам на плечи. Уходят наши близкие, родные, уже много тех, кто потерял свою «половинку». Скажу о себе: у меня была твердая опора в жизни и она рухнула. Я поняла - самое главное жить надо ради памяти любимого человека, а будут продолжать жизнь - наши дети, внуки, правнуки. Надо просто жить, а это и есть счастье.

Научиться быть счастливым, конечно, нельзя. Но быть счастливым можно. Жизнерадостный человек всегда красивый, но трудно быть красивым, если настроение никуда не годится. Поль Брегг писал, что положительные эмоции улучшают кровообращение и помогают нам дольше оставаться молодыми. А вот злость, раздражение, постоянное недомогание, вызывают спазм сосудов. Органы не получают питания, плохо работают и человек кажется старше своих лет.

«Ничто так не сближает лю-

дей, как хороший, безобидный смех», - считал Л.Н. Толстой. Ведь улыбка - это свет души. Шутите, улыбайтесь почаще - тогда душа будет молодой.

Есть хороший совет для противостояния недомоганиям - физическая активность. Не поддавайтесь хандре. Гоните прочь пассивность. Подвижность - это самое главное, что поддерживает здоровье и хорошее самочувствие.

Ходьба должна доставлять вам удовольствие, лечебная ходьба еще никому не повредила. И еще, доброта необходима каждому человеку, поэтому так важно говорить друг другу добрые слова. Проявляйте больше внимания к пожилым людям. Им кроме доброты и ласки, ничего не надо. Берегите друг друга, цените каждый день, прожитый вместе.

Приближается День учителя... Всех учителей - ветеранов образования поздравляем с Днем учителя! Все мы родом из детства... Поэтому, спасибо вам, не растерявшим молодость души, людям с добрым лицом и искрящимися глазами, за мудрость, доброту и в то же время требовательность к нашим детям и внукам. Долгих вам лет, здоровья и оптимизма.

«Ваша жизнь была отдана детям,

На земле вы оставили след. Что еще есть дороже на свете?

Ничего лучше этого нет!».

Т. Кучеренко,
член президиума Совета ветеранов города Сарани, ветеран здравоохранения

ПЕРВЫЙ КАНАЛ	НТК	АСТАНА	ВОСКРЕСЕНЬЕ 13 октября	СЕДЬМОЙ КАНАЛ	КАЗАХСТАН
06.00, 04.30 "ҰШҚАЛАҚ". 06.15, 02.30 Т/с "РОДИТЕЛИ ГОДА". 08.50 "ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ". 09.00 "ПОВАРА НА КОЛЕСАХ". 09.55 Т/с "ДОКТОР ИВАНОВ. МАТЬ И СЫН". 13.50 Т/с "ЕЛЕНА ПРЕКРАСНАЯ". 18.00 Х/ф "БЕБИ-БУМ". 20.00 "АНАЛИТИКА". 20.45 Т/с "ИЩЕЙКА 3". 01.15 Х/ф "РОДНЯ".	07.00, 04.20 "Екі езу". 07.40 "Жұлдызды Week- end". 08.30 Т/с "Ауылдастар". 09.00 М/ф "МЕГАМОЗГ". 10.40 М/ф "ПОКЕМОН. ДЕТЕКТИВ ПИКАЧУ". 12.50 Х/ф "ГАРРИ ПОТТЕР И ФИЛОСОФСКИЙ КАМЕНЬ". 16.50 "ОДНАЖДЫ В РОССИИ". 18.00 Х/ф "ВЕНОМ 2". 19.40 Х/ф "МОТЫЛЕК". 22.10 Х/ф "БОЛЬШАЯ ИГРА". 01.10 Х/ф "ОСАДА". 02.40 "Қызық Live". 03.20 "Ұ-NIGHT SHOW". 04.00 "INSTA TV".	16.10 Х/ф "Книга джунглей". 18.30 Х/ф "Пираты Карибского моря. Мертвецы не рассказывают сказки". 21.20 Х/ф "Инферно". 00.10 Х/ф "Мачо и ботан 2". 02.10 "31 өзіл". 03.30 1001 Өзіл. 03.40 BALA BATTLE. 04.00 What's up? 05.00 Ризамын.	10.45 "Ерлер ел ішінде". 11.10, 16.00, 02.05 Д/ф. 11.20 "Құрақ көрпе". 12.00 Ретро-показ. 13.00 "Соседи по планете". 13.30 "Баршаға қатысты бар". 13.45 "Ел тағдыры - ерлерге аманат!" 14.00 "Тәуелсіздік тәуекелдері". 14.30 "Беймәлім Алаш". 15.00 "Аңызды жоққа шығару". 15.15 "Қарағанды спортының 100 есімі". 16.10 Ретро-показ. "Касается всех". 16.30 "Точка зрения". 17.00 "Мир православной духовности". 17.30 Ауа райы болжамы. 17.35 "Сайгез". 18.05 "Азия айнасы". 18.30, 01.20 Т/с "Таңдау". 19.15 "Құрақ көрпе". 20.05 "Интервью против правил". 20.45 "От всего сердца". 21.50 "Сау болайық". 22.00 Прогноз погоды. Ауа райы болжамы. 22.30 "Қазақ даласының құпиялары". 23.00 "Экологический и этнотуризм в Казахстане".	23.30 "Неформат". 00.15 Ретро-показ. НОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ 06.00, 15.00, 03.00 "Жүректен жүрекке". 08.30, 23.00 "Сәтті күн". 09.00, 10.45, 19.50 "MyasSAGAn". 10.00 "QOSALQA". 11.00 Т/с "Между небом и землей". 13.00, 20.00 Т/с. 22.00 "ОБЗОР МИРОВЫХ НОВОСТЕЙ". 22.30 "Своими руками". 00.00 "Три Товарища". 01.30 "Подкасты". 01.45 "Зеленая волна". ХАБАР 05.00 "Mandaiter". 06.30 "Асыл қазына". 08.00 Концерт. "Жүректегі көктем". 10.00 Х/ф "Крутые яйца 2". 11.20 М/с. 12.00, 21.45 Х/ф "Как украсть бриллиант". 14.00 "Covershow". 16.00 Т/с "Күзде келген көктем". 19.30 "Қызық times". 21.00 "7 күн". 23.45 "Алғашқы".	01.40 Т/с "Бастық боламын". 03.35 "Жеңіпкөр". 04.35 "Алло, бұлкім?" 05.47 Үзіліс. КАЗАХСТАН 06.05 "Жәдігер". 06.30, 04.45 "Ауылдастар" 07.00, 04.00 Д/ф "Дәуір даналары". 07.45 "Қызық екен..." 08.35 "Көзің әдемі" концерті. 09.40 "АҚСАУЫТ". 10.00 Т/с "Қол созған үміт" 12.00 "Жұлдызды жұп". 14.20 "АТАМЕКЕН". 14.50 М/ф. 15.50 "Жыр - менің планетам". 17.30 "АҢСАҒАН СӘБИ". 18.00 Т/с "ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ". 20.00 "АПТА". 20.50 "АҚОРДА". 21.00 "КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ" 22.25 Т/с "ӨГЕЙ ӨМІР". 23.25 Х/ф "Біздің сүйікті дәрігер". 00.55 "Апта". 01.45 "Ақорда". 02.00 "Атамекен". 02.25 "Аңсаған сәби". 02.55 "Күміс көмей". 03.40 "Ақсауыт".
КТК 07.05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 08.00 "АЛДАРАСПАН". 10.30 "ПАРАД ЮМОРА". 13.00 Т/с "ФАРФОРОВОЕ СЧАСТЬЕ". 17.00, 04.55 "18-25" ән кеші. 20.00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" 21.00 Д/ф "ИРИМ". 22.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ". 23.00 Т/с "НЕЗАБЫТАЯ". 03.00 Х/ф "МЕНИ КЕШІР". 04.10 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!"	31 КАНАЛ 06.00, 04.30 Өзіл студио. 07.00, 10.25 М/с. 08.30, 03.00 TikTok show. 09.00 Time Vine. 09.30 "Готовим с Адель". 10.00 "TeleBingo". 11.00 Т/с "12:00 часов". 11.40 Х/ф "Приключения Тинтина: Тайна единорога". 14.10 Х/ф "Ледниковый период 2".	5 КАНАЛ 10.00, 20.00 Ауа райы болжамы. Прогноз погоды. 10.05, 12.30, 00.00 "За порогом". 10.20, 22.05 "Жақсылардан гибрат".			

РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОГРАММЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ДІН, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТАРИХТЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ



Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық пен ұлтаралық келісім – мемлекеттің біртұтастығының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Әртүрлі ұлттардың өкілдері мен діни топтардың бейбіт өмір сүруі – Қазақстандық биліктің тәжірибесі мен мемлекеттік саясатының жемісі.

Біздің мемлекетті «өркениеттің қиылысы» деп бекер айтпаған. Қазақстан – ислам, христиандық, буддизм сияқты ірі әлемдік діндердің арасындағы шекара болып табылады. Ғасырлар бойы, Қазақстан жерінде әртүрлі ұлттардың өкілдері бірге тұрып, бірге еңбектенген. Қазақстан жері 130-дан астам ұлт өкілдері мен әртүрлі дін ұстанушылардың туған үйіндей болып кетті. Қазақстанда ұлыстар мен конфессиялардың құрылымдық диалогы елдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізу жолдарының негіздерінің бірі болып табылады. Көпұлтты және көпконфессияналды қоғамда демократиялық, зайырлы мемлекеттің қағидаларын қолдану қажет. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ұл-

таралық және конфессияаралық келісімді нығайту мен сақтауындағы өзіндік үлгісі құрылды. Қазақстандағы толеранттылық қағидасы саяси мәдениеттің ережесі болып қана қоймай, демократиялық мемлекетті құрудағы басты қағидаларының бірі болып табылады. Қазақ халқының көпғасырлы мәдениетінде үйлесімді қатар өмір сүру, адамдардың мінез-құлқының табиғи өмірлік қағидасы қалыпты болып келеді.

Қазақстанда әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің бейбіт бірге өмір сүруінің, этносаралық және конфессияаралық келісім мен кадрлестік толеранттық ахуалын құрудағы, ел халқының көпшілігінде бейімделу құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін тарихи бағасыз тәжірибесі жиналған. Бұл қазақстан халқының өзге ұлттармен құнды мәдени жетістіктермен бөлісуі, барлық біздің қоғамымыздың ортақ дәулеті болып табылады. Қазақстанның бейбітшілікке, тұрақтылыққа, ұлтаралық және конфессияаралық келісімге бағытталған саясаты

әлемдік қауымдастықтың кең қолдауын көріп отыр.

Әлемдік тарихта әр түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі тың құбылыс емес. Бұл ретте Қазақстанның көп ұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді. Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу процесі ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Қазақстан тарихында ол кезеңдер үшке бөлінеді. Бірінші кезең – Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруімен байланысты. Нәтижесінде қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа ауысуы арқылы өмір сүру стилі, құндылықты нормативтік жүйесі өзгерді. Екінші кезең – Қазақстанның КСРО құрамына енуімен байланысты. Бұл кезеңде Қазақстанның саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми салаларында жаңа бетбұрыстағы алғышарттар құрылып, жаңа интеллектуалдық мүмкіншіліктер пайда болып, полиэтникалық құрамы жылдам қалыптасты. Үшінші кезең – Қазақстанның тәуелсіздік алуымен және халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде саяси сахнаға шығуымен байланысты. Бұл кезеңде әрбір этникалық топтың еркін дамуына қол жеткізілді, этникалық ерекшеліктерін қайта түлетуге мүмкіндік туды.

Өткенге мұқият қарасақ, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай, төл азаматтарымен қатар, басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйтеп, олардың барлық конституциялық

құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды.

Қазіргі таңда, АҚШ, Ресей, Қытай, Франция, Ұлыбритания секілді өркениетті елдердің және өзгелердің де Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты әлемде баламасы жоқ бірегей қоғамдық институттың жұмыс тәжірибесін зерттеуге ден қоюлары – ұлттық саяси бағытымыздың дұрыс, қолға алған істеріміздің шынайы өмірмен үйлесіп жатқандығының бір көрінісі. Ел ішіндегі татулық пен ұлттар арасындағы достықты насихаттау, оны елге түсіндіру, соның негізінде, қоғамдық пікірді байсалды қалыптастыру Қазақстанның дамуының негізгі кепілі бола алады. Барлық қазақстандықтар ел ішіндегі тұрақтылық пен ұлттар арасындағы татулықты үзбей насихаттау керек. Қазақстан мемлекеттілігінің нығайтуы осыған байланысты. Ұлтаралық келісім – адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық және этникалық топтарының мүддесімен ортақтастық деңгейінің көрсеткіші. Біздің еліміздегі ұлтаралық келісім – ең маңызды жетістіктеріміздің бірі, ұлттық мәселелеріміздің ғылыми шешімінің нәтижесі және қоғамымыздың дамығандығының көрінісі.

**А. И. Қозыбағаров,
А. Құнанбаев атындағы
Саран жоғары гуманитарлық-тех-
никалық колледждің оқытушысы**

Друг Тибуба	Крик под аллодисменты	Росток нового	Испанский автомобиль		Способ обороны в спорте	Кожаный крепёж сандалий	Скала в фамилии одессита	Смелый человек		
Голосование на дороге	Волнительная нежность	Брань в свой же адрес	Плод для майонеза		Ответ взгляду на вопрос о пути	Третья степень для математики	Курьёзные Карден	Царь-символ всех злодеев		
Профессия Новосельцева		Прижим у швейной машинки			Период года без дождей			Оно ясное, что оно тёмное	Попахи-вание хуже некуда	
	Полчище	Кукуруза для мексиканца			Остров Борнео сейчас	Писатель, убитый в Персии				
			Крайний правый для тихоокеанцев		Фильм "Гусарская..."		Распределение среди многих	Восковой погорелец		
	Плюсовая температура	"Морская" заплата			Романтическая дымка	Корабль рунискателей		Взгляд на жизнь	Греческая буква	Луковый заряд
			Наружность				Углубление в виде канавки	Зверь на гербе Йошкар-Олы		
Глухая птица	Болван язычников				Испанская эскадра XVII века	Чёрная газировка	Полковое ...		"Ангел любви"	Работа бульдозера
			Лист под запись				Презент	Планета Солнечной системы		
Парусный ...	Чем можно лопнуть шарик?				Сущность бартерной сделки					
			Самый лучший человек			Бумага, пробитая в кассе		Куда ныряет шомпол?		
"Точка отсчёта" реки	Архитектурное полукружье			Поручение депутату			Бульба			

*РЕКЛАМА *ОБЪЯВЛЕНИЯ*

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.


ТОО «Сарантеплосервис» доводит до сведения потребителей тепловой энергии от блочно-модульной котельной п. Актас, что заключенный ранее Публичный договор пролонгируется на сезон 2024-2025 гг.

* ТРЕБУЕТСЯ *

ТОО «Sunraper» требуется водитель погрузчика, грузчик, уборщица, укладчик-упаковщик, оператор, кочевар. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

На предприятие требуются: сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. Обращаться: г.Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем») 7-45-60, 87026552338.

На мини-котельную требуются кочевары. График 1/2. Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова, 2/4 (возле сауны «Эдем») 7-45-60, 87026552338.



УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ *

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

Предлагаю профессиональный ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

* ПРОДАЕТСЯ *

1-КОМНАТНЫЕ

Продается 1-к кв, с вещами, с мебелью в районе Василька, на 1 этаже. Т.: 8-747-286-85-38, 8-778-646-32-05. Ольга Александровна.

2-КОМНАТНЫЕ

2-к-кв по ул. Кужанова, в 2-х этажном доме, на 1 этаже Т.: 8-771-665-44-83.

ДОМА

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

* СДАЕТСЯ * * СДАЕТСЯ *

Бесплатно комната в 2-к кв. (парню от 17 до 27 лет). Т.: 8-775-716-01-77.

* МЕНЯЮ * * МЕНЯЮ *

Дом 5-комнатный, есть гараж, огород, по ул. Рабочая на 3-к квартиру. Т.: +7 775-378-79-43.

АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!

11616 КЫЗЫЛ БАҒЫТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯ МІНІСТЕРЛІГІ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Уважаемый Арман Болатович, работники сферы образования, ветераны педагогического труда!

Поздравляем вас с самым светлым и благородным праздником - Днем Учителя! День Учителя - это день детства и юности, любви и надежды, опыта и мастерства. А еще это день улыбок, восторженных взглядов, белых бантов, неповторимого перезвона школьного звонка и ярких осенних цветов!

Пусть Школа всегда будет вашей обителью, где с неподдельной любовью произносится незабываемое слово: "Учитель!".

Творческого вам вдохновения, благодарных учеников и простого, земного счастья!

Первичная организация ветеранов образования

Золотая осенняя пора... В ней особое очарование. Хочется наслаждаться жизнью, возвращаться в молодые годы и жить светлыми воспоминаниями под тихий шелест осенних листьев.

Уважаемые сентябрьские ветераны! Поздравляем вас с вашим знаменательным юбилеем:

Авилу Галину Дмитриевну - 80 лет

Горбатову Ольгу Васильевну - 80 лет

Максименко Любовь Федоровну - 75 лет

Чернышеву Нину Алексеевну - 75 лет.

И с Днем рождения:

Дзильно Ольгу Михайловну, Павлову Любовь Константиновну,

Ожерельеву Тамару Ивановну, Алешина Александра Дмитриевича, Рязанову Нину Егоровну.

Пусть каждый день дарит вам добро и нежность, теплоту любящих родных сердец!

А.Бактыбаев,

руководитель ГУ "Отдел образования" г.Сарани

Н.Скачкова,

председатель первичной организации ветеранов образования

А.Жамбеисова,

председатель профсоюза организаций образования "Білім"

2024 жылғы 12 қазанда 12 октября 2024 года

Стадион
алаңында

На площади
стадиона

Ауыл шаруашылық жәрмеңкесі
Сельскохозяйственная ярмарка



**Құрметті Саран қаласының
және Ақтас кентінің тұрғындары!**

Сіздерді Саран қаласының «Сұңқар» стадионының алаңында 2024 жылғы 12 қазан күні сағат 09:00 де басталатын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне шақырамыз.

**Уважаемые жители города Сарани
и поселка Актас!**

Приглашаем вас на сельскохозяйственную ярмарку с участием товаропроизводителей и крестьянских хозяйств, которая будет проходить на площади перед стадионом "Сұңқар" города Сарани 12 октября в 09-00 часов.



Сарань – здесь жизнь моя

*Сарань, мой город – труженик!
Для нас любимей тебя нет.
Ты нам несешь тепло и свет.
Тебе поклон мой до земли,
Здесь вложен труд моей семьи.*

*Там, под землей ковались слава и почет,
Рекорды выдавала лава.
Шел уголек, как говорят, сплошным потоком,
И планы выполнялись точно, к срокам.*

*К труду шахтерскому
Причастен был мой муж,
Отмечен труд его «Шахтерской славой».
И этим так гордимся мы по праву.*

*Причастна к медицине я.
Всегда чужую боль воспринимаю сердцем.
И помню малышей, таких прекрасных крох,
Теперь уже седых и повзрослевших.*

*Комочек хрупкий на руках лежит,
И мир пред ним во всей красе раскрыт.
На свет они являлись в день и в ночь.
Сейчас мое призванье продолжает дочь.
На производстве, где нужны так «руки»,
Теперь продолжат дело наши внуки.*

*Мой город дорог мне,
Здесь жизнь моя прошла.
Как жаль, что постарели мы так рано,
Но мы еще в строю!
И рады нам в Совете ветеранов.
Наш и теперь заметен труд,
И в городе нас ценят, чтут.*

*Сарань! Успехов, долгих лет
Желаю я тебе,
Моя судьба в твоей судьбе!*

Т. Кучеренко,
ветеран здравоохранения,
член президиума Совета ветеранов города



**ПРОИЗВОДСТВО АВТОБУСОВ
И СПЕЦТЕХНИКИ**

Карагандинская область, г. Сарань (район РТИ), учетный квартал 046, строение 329

ВАКАНСИИ:

- Электрогазосварщик (Цех сварки)
- Электрогазосварщик (Экспериментальный участок)
- Маляр
- Помощник маляра
- Комплектовщик
- Слесарь механосборочных работ
- Слесарь по ремонту автомобилей
- Слесарь-ремонтник (Цех сварки)
- Слесарь-ремонтник (Экспериментальный участок)
- Слесарь по ремонту и обслуживанию систем вентиляции и кондиционирования
- Автоэлектрик
- Электромонтер высоковольтных сетей
- Рабочий по содержанию зданий и сооружений
- Главный специалист (Таможенный отдел) - на период отпуска по уходу за ребенком
- Ведущий специалист (Таможенный отдел)
- Специалист по кадрам
- Специалист по подбору персонала
- Маркетолог – Дизайнер
- Инженер по подготовке кадров
- Инженер (Отдел капитального строительства)
- Контролер (охранник) (Отдел внутреннего контроля)
- Грузчик
- Переводчик китайского языка
- Психолог
- Специалист (Отдел системы менеджмента качества)


- Быстрый карьерный рост
- Бесплатное питание
- Бесплатное обучение
- Бесплатная доставка персонала
- Оформление согласно трудового кодекса Республики Казахстан

Отправляйте резюме на:

WhatsApp: 8 701 875 35 24

e-mail: spp@qaztehnna.kz

8 701 875 42 63



Требуются разнорабочие

В компанию КазСпец-Строй-инвест. Своевременная оплата, на руки 300 000 тг.

Контакты: 8-778-190 99-01, 8-771-371-42-29

Адрес: г Караганда, Ержанова, 63/2.

**Саран
газеті**

Директор
ТОО «Саран
тынысы»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована
в Министерстве
информации и
коммуникаций
Республики Казахстан.
Свидетельство 16307-Г
от 18.01.2017 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:

ТОО «Саран
тынысы»

Адрес
редакции:

101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
два раза в
неделю,
форматом А3
Тираж 840

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арко»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 80

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.